



Нұсқаулықты көру үшін QR
кодын сканерлеңіз.



ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

МИКРОТОЛҚЫНДЫ

ПЕШ



Орнатуды бастау алдында осы нұсқауларды мұқият оқыңыз. Бұл орнатуды жеңілдетеді және өнімнің дұрыс және қауіпсіз орнатылуын қамтамасыз етеді. Орнатқаннан кейін болашақта пайдалану үшін бұл нұсқауларды өнімнің жанына қойыңыз.

ҚАЗАҚША



MFL72023001
Rev.01_041025

www.lg.com

Copyright © 2023-2025 LG Electronics. All Rights Reserved

МАЗМҰНЫ

Бұл нұсқаулықта сатып алған үлгіден өзгеше кескіндер немесе мазмұн болуы мүмкін.

Бұл нұсқаулықты өндіруші түзете алады.

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

МҰҚИАТ ОҚЫП ШЫҒЫП, БІР ЖЕРГЕ ҚОЙЫП ҚОЙЫҢЫЗ, БОЛАШАҚТА КЕРЕК БОЛАДЫ.....	3
АБАЙЛАҢЫЗ.....	3
ЕСКЕРТУ	9

ОРНАТУ

Өнім туралы жалпы ақпарат.....	14
Орнатуға қойылатын талаптар	15

Пайдалану

Басқару панелі	16
Пайдалану алдында	17
Іске қосу туралы қысқаша ақпарат	18
Ас әзірлеу режимі	18
Ыдыс-аяққа қатысты нұсқаулық.....	22
Ас әзірлеу нұсқаулығы.....	24

СМАРТ ФУНКЦИЯЛАРЫ

LG ThinQ қолданбасы	25
Smart Diagnosis™	25

АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Сұрақ-жауап.....	26
Қызмет көрсетуге шақырмастан бұрын.....	27

ҚОСЫМША

Ескертпе ақпарат.....	29
-----------------------	----

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫП, БІР ЖЕРГЕ ҚОЙЫП ҚОЙЫҢЫЗ, БОЛАШАҚТА КЕРЕК БОЛАДЫ

Қауіпсіздік нұсқаулары өнімге қауіп тудыра отырып, пайдалану және дұрыс пайдаланбау салдарынан болатын қауіптер мен зақымдардың алдын алуға арналған. Нұсқаулар төменде сипатталғандай «**АБАЙЛАҢЫЗ**» және «**ЕСКЕРТУ**» болып бөлінеді.

Қауіпсіздік туралы хабарлар



Бұл белгі қауіп төндіруі мүмкін жағдайлар мен әрекеттерді білдіреді.
Қауіптің алдын алу үшін осы белгі көрсетілген бөлімді дұрыстап оқып шығып, нұсқауларды орындаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ



Бұл нұсқаулар орындалмаған жағдайда ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін екенін білдіреді.

ЕСКЕРТУ



Бұл нұсқауларды орындамаған жағдайда, жеңіл жарақат алу немесе құрылғының зақымдалу қаупі бар.



Бұл белгі беттердің ыстық болуы мүмкін екенін білдіреді.
Күйік шалу қаупінің алдын алу үшін пешті пайдалану барысында, ыстық беттерді ұстамаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

АБАЙЛАҢЫЗ

- Құрылғыны пайдаланған кезде жарылу, өрт, өлім, тоқ соғу, зақымдау немесе адамды күйдіру қаупінің алдын алу үшін мыналарды қоса негізгі қауіпсіздік шараларын қолданыңыз:

Техникалық қауіпсіздік

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері төмен немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдар бақылау астында болғанда немесе құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулық берілгенде және қауіпті жағдайларды түсінген жағдайда қолдана алады. Балалар құрылғымен ойнамауы тиіс. Балаларға құрылғыны бақылаусыз тазалауға немесе қызмет көрсетуге тыйым салынады.
- Бұл құрылғы физикалық мүмкіндігі мен ақыл-есі шектеулі немесе құрылғыға қатысты тәжірибесі мен білімі аз адамдарды (балаларды қоса) олардың қауіпсіздігіне жауапты адам қадағаламаған кезде немесе құрылғыны пайдалануға қатысты нұсқаулар берілмеген кезде пайдалануға арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнамауы қадағалануы қажет.
- Микротолқынды пешті пайдаланғанда, күйік шалу, электр тогының соғу, өрт шығу, жарақат алу немесе микротолқынды энергияның әсеріне ұшырау қаупін азайту үшін, осы құрылғыны пайдаланбас бұрын, барлық нұсқауды оқып шығыңыз.
- Қолдану барысында құрылғы қатты ысып кетеді. Пештің ішіндегі ыстық элементтерді қолмен ұстамаңыз. Жасы 8-ге толмаған балаларды қадағалап тұрмасаңыз, оларды құрылғыға жақындатуға болмайды.
- Есікке, олардың тығыздауыштарына, басқару панеліне, қауіпсіздік құлпының қосқыштарына немесе пештің кез келген басқа бөлігіне өзгеріс енгізуге немесе түзету не жөндеу жұмыстарын жасауға болмайды. Әйтпесе микротолқынды энергияның әсерінен қорғайтын қандай да бір жабын алынып қалуы мүмкін.
- Құрылғыны LG Electronics компаниясының білікті қызмет көрсетуші маманы ғана бөлшектеуі, жөндеуі немесе өзгертуі керек.
- Микротолқынды энергияның әсерінен қорғайтын жабынды алып тастауға себеп болатын қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын білікті маман орындамаса, адамның денсаулығына қауіп төнуі мүмкін.

- Басқа құрылғылар сияқты емес, микротолқынды пеш – кернеуі жоғары және электрлік ток күші жоғары жабдық. Дұрыс пайдаланбасаңыз немесе жөндемесеңіз, микротолқынды энергияның шамадан тыс әсер етуіне немесе электр тогы соғуына себеп болады.
- Есік немесе есік тығыздағыштары зақымдалған болса, пешті білікті маман жөндегенге дейін пайдалануға болмайды.
- Қабығы аршылмаған жұмыртқаны пешке салып пісіруге болмайды. Жұмыртқаның ішіндегі қысып көтеріліп, жарылып кетуі мүмкін.
- Сұйықтықтарды және басқа азық-түлікті аузы жабылған контейнерлерде жылытуға болмайды, себебі жарылып кетуі мүмкін. Ас әзірлеу немесе мұзын еріту үшін алдымен азық-түліктің сыртындағы пластик ораманы алып тастаңыз. Алайда кейде кейбір азық-түлікті жылыту немесе тамақ әзірлеу үшін бетін пластик жабқышпен жауып қою керек екенін ескеріңіз.
- Пеш есігінің әйнегін тазалау үшін түрпі тазалағыштарды немесе металдан жасалған үшкір ысқыштарды пайдалануға болмайды, себебі ол әйнектің бетін сырып тастап, оның бұзылуына себеп болады.
- Микротолқынды пешті шкафтың ішіне қоюға болмайды. Микротолқынды пеш ашық жерде бөлек тұруы керек.
- 8 жасқа толмаған балаларды құрылғыға және оның кабеліне жолатпаңыз.
- Бұл құрылғыны сыртқы таймермен немесе бөлек қашықтан басқару жүйесімен пайдалана алмайсыз.
- Бұл құрылғы қоғамдық тамақтану орындарында коммерциялық мақсатты қолдануға арналмаған. Бұл құрылғы тұрмыста және соған ұқсас қолданысқа арналған, мысалы:
 - Дүкендердегі, кеңселердегі және басқа да жұмыс орындарындағы қызметкерлерге арналған асүйлер;
 - Ауылдағы үй;
 - Қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа орталардағы клиенттер;

- Бір түндік қонақүйлер.
- Құрылғыны жылжымалы үйлердің (кемпингке арналған көліктерге) ішіне орнатуға болмайды.
- Тағамды пластик немесе қағаз ыдыстарда ысытқан кезде тұтану мүмкіндігіне байланысты пешті қадағалаңыз.
- Күйік шалмауы үшін, емізік бөтелкелердегі және нәрестелерге арналған банкалардағы тамақты араластыру немесе шайқау керек, оның температурасын тексерген соң ғана, балаға беріңіз.
- Микротолқынды пештерге қолдануға жарамды ыдыс-аяқты ғана пайдаланыңыз. Олар қызып кетіп, күйдіруі мүмкін.
 - Құрылғыны пайдаланбас бұрын, металдан жасалған пакет қыстырғышты алып тастаңыз.
 - Ішкі қабаты металдан (мысалы, алтын немесе күміс) жасалған ағаш және керамикалық контейнерлерді пайдаланбаңыз.
 - Микротолқынды пешпен ас әзірлеу барысында азық-түлікке және сусынға арналған металл контейнерлерді пайдалануға рұқсат етілмейді. Металл заттар пештің ішінде доға жасап, құрылғыны қатты зақымдауы мүмкін.
- Микротолқынды пеш азық-түлік пен сусынды жылытуға арналған. Азық-түлікті немесе киімді кептіру, сонымен қатар жылытқыларды, тәпішкелерді, губкаларды, дымқыл шүберекті және соған ұқсас заттарды кептірсеңіз, жарақат алу, от немесе өрт шығу қаупі бар.
- Түтін байқалса (немесе шықса) құрылғыны өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз және отты басу үшін есікті жабық ұстаңыз.
- Тек осы пешке арналған температура датчигін пайдаланыңыз.
 - Басқа температура датчигімен құрылғыдағы температураның дәлме-дәл көрсеткішін ала алмайсыз.
 - Бұл үлгіде температура датчигі берілмейді.
- Микротолқынды пеште сорпа, тұздық және сусын сияқты сұйықтықтарды ысытқанда,
 - мойны жіңішке тік жақты контейнерлерді пайдаланбаңыз.
 - Шамадан тыс қатты ысытпаңыз.

- Контейнерді пешке қоймас бұрын, сұйықтықты араластырыңыз және ысыту барысында қақпағын аздап ашып қойыңыз.
- Контейнерді ұстаған кезде абайлаңыз.
Сусындарды микротолқынмен ысытқанда, олар біраз уақыт өткен соң, қайнап жарылуы мүмкін, сондықтан контейнерді ұстағанда абай болыңыз.
- Жылытып болған соң, біраз уақыт құрылғыдан шығармаңыз; оны абайлап араластырыңыз немесе шайқаңыз, содан кейін оны тұтынбас бұрын, температурасын тексеріңіз, себебі ол қатты ысып кетіп, күйдіруі мүмкін (әсіресе, емізік бөтелкелер және сәбилерге арналған тамақ банкалары).
- Бұл пешті жиі тазалап тұру және тамақ қалдықтарын сүртіп тастау керек. Пешті таза ұстамаған жағдайда, оның беткі қабаттары зақымдалады және оның қызмет ету мерзімін азайтуы мүмкін. Нәтижесінде қауіпті жағдай тудыруы мүмкін.
- 8 жасқа толмаған және ересектер қадағалап тұрмаған балаларға тазалау және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын тапсыруға болмайды.
- Құрылғыны бу тазалағышпен тазалауға болмайды.
- Бумен тазалау құралын пайдалануға болмайды.
- Қолдану барысында құрылғы қатты ысып кетеді. Пештің ішіндегі ыстық элементтерді қолмен ұстамаңыз.
- Баланың пешті қауіпсіз пайдалануы және дұрыс пайдаланбаудың қауіптілігін түсінуі үшін тиісті нұсқаулар берілген кезде ғана балаларға пешті қадағалаусыз пайдалануға рұқсат етіңіз.

Орнату

- Розетканың жерге дұрыс тұйықталғанын және қуат сымындағы жерге тұйықтау ашасының зақымдалмағанын немесе қуат ашасынан алынбағанын тексеріңіз. Жерге тұйықтау туралы қосымша мәліметтерді LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығынан сұраңыз.
- Бұл құрылғыны жерге тұйықтау керек. Кабеліндегі өткізгіш сымдар мына ережелерге сәйкес түрлі түсті болып келеді:

- КӨК: нөл
- ҚОҢЫР: фаза
- ЖАСЫЛ және САРЫ: жерге тұйықтау сымы
- Бұл құрылғыдағы кабельдің өткізгіш сымдарындағы түстер ашадағы клеммаларды анықтайтын түрлі түсті белгілерге сәйкес келмейтіндіктен, былай істеңіз:
 - КӨК түсті сымды N әрпімен белгіленген немесе ҚАРА түсті клеммаға жалғау керек.
 - ҚОҢЫР түсті сымды L әрпімен белгіленген немесе ҚЫЗЫЛ түсті клеммаға жалғау керек.
 - ЖАСЫЛ және САРЫ немесе ЖАСЫЛ түсті сым G әрпімен немесе жерге тұйықтау таңбасымен белгіленген клеммаға жалғануы керек.

Жерге тұйықтау таңбасы

- Бұл құрылғы функционалдық мақсаттарға арналған жерге тұйықтауды қамтиды.
- Егер қуат көзінің сымы зақымдалған болса, қауіптің алдын алу үшін оны өндіруші, тәжірибесі бар білікті қызмет көрсетуші маман ауыстыруы керек. Оны дұрыс пайдаланбасаңыз, ауыр деңгейлі электрлік зақым келтіруі мүмкін.
- Бұл құрылғымен бірге ұзартқыш кабельдер жинағы немесе электрлік портативті розетка құрылғысы беріледі. Ұзартқыш жинақ электрлік портативті розетка құрылғысына қойылуы керек, оған су шашырамауы немесе кірмеуі тиіс.
- Қуат сымы зақымдалған немесе розетканың тесігі босап қалған болса, қуат сымын пайдаланбаңыз және өкілетті қызмет көрсету орталығымен байланысыңыз.

Пайдалану

- Балалардың керек-жарақтармен ойнауына немесе құрылғының есігіне не басқа бір бөлігіне асылып тұруына болмайды.

- Құрылғы комбинациялық режимде жұмыс істегенде, температураның жоғары болуына байланысты балалар құрылғыны тек ересектердің қадағалауымен қолдануы керек.
- Құрылғының ішінде ештеңе жоқ болса, оны пайдалануға болмайды. Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда, микротолқынды энергияны өзіне сіңіріп алатын азық-түлік немесе су болуы керек.
- Зақымдалған құрылғыны пайдаланбаңыз. Әсіресе құрылғының есігі мықтап жабылуы керек және оның мына бөліктерінде зақым болмауы керек: (1) есік (майысқан), (2) топсалары мен бекітпелері (сынған немесе босап кеткен), (3) есіктің тығыздауыштары және тығыздалған беттер. Олар зақымдалған болса, шамадан тыс микротолқынды энергия әсер етуі мүмкін.
- Құрылғыны ішіндегі ылғалды құрғату үшін пайдалануға болмайды (мысалы, микротолқынды пешке су газетті, киімдерді, ойыншықтарды, электрлік құрылғыларды, үй жануарларын немесе баланы және т.б.). Олай еткен жағдайда, электрлік ток соғу нәтижесінде өрт шығуы, күйік шалуы немесе адам өлімі сияқты қауіп-қатер төнуі мүмкін.
- Әрбір жұмыс режиміне сәйкес келетін керек-жарақты пайдаланыңыз. Дұрыс пайдаланбау нәтижесінде құрылғы және керек-жарақтар зақымдалуы мүмкін немесе ұшқын мен өрт шығуы ықтимал.

ЕСКЕРТУ

ЕСКЕРТУ

- Құрылғыны қолдану кезінде адамдардың жарақаттану, құрылғының дұрыс жұмыс істемей қалу немесе өнімнің не мүліктің зақымдалу қаупін азайту үшін, қауіпсіздікке қатысты негізгі сақтық шараларын орындаңыз, оның ішінде:

Орнату

- Құрылғыны осы нұсқаулықтағы орнату талаптарына сәйкес орнатыңыз.

- Құрылғының абайсызда құлап кетпеуі үшін пеш есігінің алдыңғы жағында кемінде 8 см орын болуы керек.
- Құрылғыны пайдаланғанда, айналмалы тәрелкесі орнында болуы тиіс.
- Құрылғының төбесінде, астында немесе жанында орналасқан шығыс саңылауларды бітеп тастауға болмайды.
- Құрылғының алдыңғы беті мен есік арасына ешқандай зат (мысалы, асүй орамалы, майлықтар т.б.) қоймаңыз.
- Термоажыратқыштың байқаусыз бастапқы күйіне қайтару салдарынан қауіптің орын алуын болдырмау үшін бұл құрылғыға таймер сияқты сыртқы коммутациялық құрылғы арқылы қуат берілмеу керек немесе ол қолдау құралымен тұрақты қосылатын және өшірілетін тізбекке қосылмау керек.

Пайдалану

- Гриль режимінде, конвекция режимінде және автоматты ас әзірлеу режимінде жұмыс істеп тұрғанда, құрылғыны (оның ішінде пештің есігін, сыртқы корпусын, артқы бөлігін, пештің қуысын, керек-жарақтарды және тамақты) ұстауға болмайды. Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда, қолжетімді беттердің температурасы тым жоғары болуы мүмкін. Қалың асүй қолғабын кимесеңіз, күйіп қалуыңыз мүмкін.
- Құрылғының үстіне зат (кітап, қорап, су бөтелкесі, ваза т.б.) қоймаңыз. Құрылғы ысып кетуі, өрт шығуы немесе зат құлап кетіп, адамдарды жарақаттауы мүмкін.
- Есігі ашық тұрған құрылғыны пайдалануға болмайды. Ол шамадан тыс зиянды микротолқынды энергияның әсер етуіне себеп болады.
- Ас әзірлеу уақытын дұрыс орнатыңыз. Тамақ кішкентай болса, орнатылатын уақыт та аз болуы керек. Шамадан тыс қыздырсаңыз, тамақ өртеніп кетуі мүмкін, нәтижесінде құрылғыңыз зақымдалады.
- Қайта өңделген қағаз өнімдерін пайдаланбаңыз. Оларды тамақ әзірлеу кезінде пайдалансаңыз, құрамындағы заттардың кесірінен ұшқын немесе өрт шығуы мүмкін.

- Ас әзірлеу нұсқаулығында солай жазылмаса, тамақты қағаз майлықтарға немесе газетке орап жылытпаңыз.
- Ас әзірлеу үшін қағаз майлықтардың орнына газетті қолдануға болмайды.
- Газеттерді немесе шүберектерді кептіру үшін құрылғыны пайдаланбаңыз. Өрт шығуы мүмкін.
- Қабығы аршылмаған жұмыртқаны пісірмеңіз. Қабығы аршылмаған және қайнаған жұмыртқаларды микротолқынды пеште жылытуға болмайды, себебі олар микротолқынды жылыту процесі аяқталғаннан кейін де жарылып кетуі мүмкін. Жұмыртқаның ішіне қысым жиналып, жарылады.
- Құрылғыда май шыжғыруға болмайды. Ол ыстық сұйықтықтың кенет қайнап кетуіне себеп болады.
- Картоп, алма немесе кез келген жемісті немесе көкөністі пісірмес бұрын, бірнеше рет тесіп алыңыз. Олар да жарылуы мүмкін.
- Түтін байқалса (немесе шықса) құрылғыны өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз және отты басу үшін есікті жабық ұстаңыз.
- Попкорн өнімін өндіруші компания ұсынған нақты нұсқауларды орындаңыз.
 - Попкорн жасау үшін қоңыр қағаз қаптарды пайдалануға болмайды.
 - Жарылмай қалған қауыздарды итеріп жаруға тырыспаңыз.
 - Попкорн жасалып жатқанда, құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
 - Ұсынылған уақыттан кейін попкорн жарылмаса, әрі қарай пайдаланбаңыз.
 - Шамадан тыс қыздырып жіберсеңіз, өрт шығуы мүмкін.
- Штепсель тығынын қолжетімді ету немесе сым жүргізу ережелеріне сәйкес бекітілген сымда қосқышты орнату арқылы қуат қосылымын жасауға болады. Дұрыс емес тығынды немесе қосқышты пайдалансаңыз, электр тогы соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.

- Ас әзірлеу барысында барлық ауа желдеткіштері таза болуы керек. Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда, желдеткіш саңылаулар бітеліп қалса, құрылғы қызып кетуі мүмкін.

Қызмет көрсету

- Пайдаланушы техникалық қызмет көрсету кезінде сақтық шараларын қолдану қажет болса, тиісті мәліметтер беріледі.
- Ас әзірлеп бола салысымен, контейнерлерді, науаларды және сөрелерді дереу суға салып шаюға болмайды.
- Тазаламас бұрын, құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз және біраз уақыт суытыңыз.
- Ас әзірлеп болған соң, тамақты және керек-жарақты алу үшін қолғап киіңіз, себебі пеш және керек-жарақтар қатты ысып кетуі мүмкін.
- Айналмалы тәрелкені шығармас бұрын, біраз суытып алыңыз.
- Құрылғының тығыздауыш беттерінде тамақтың немесе тазалағыш құралдың қалдықтары қылып қалмауын қадағалаңыз.
- Құрылғының іші мен сыртын таза ұстаңыз.

Тазалау

Пештің іші-сыртын таза ұстаңыз. Ішкі есіктің панелінде және алдыңғы жақтауында тамақ немесе май қалдықтары жиналып қалмауын ерекше қадағалаңыз. Пешті апта сайын, қажет болса, одан да жиі тазалап тұрыңыз.

- Абразивті тазалағыштар, болат талшықтарынан жасалған ысқыштар, қиыршықтасты шүберектер, кейбір қағаз майлықтар және т.с.с. заттар басқару панелін және пештің ішкі және сыртқы жағын зақымдауы мүмкін.

Ішін тазалау

Есіктің бетін дымқыл шүберекпен тазалаңыз және есік пен жақтаудың арасындағы ойықтарды сүртіп алыңыз. Май шашырандыларын сабынды шүберекпен сүртіп алып, шайып тастаңыз да, құрғатыңыз.

- Әсіресе тауықты немесе беконды дайындағаннан кейін, май шашырандыларын дымқыл қағаз сүлгімен сүртіп алыңыз.

- Пеш есігінің ішінде және сыртында бу жиналып қалса, панельдерді жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

Сыртын тазалау

Пештің сыртын сабынды сумен тазалаңыз. Таза сумен шайып тастап, жұмсақ шүберекпен немесе қағаз сүлгімен сүртіңіз.

- Пештің ішіндегі жұмыс істейтін бөліктерді зақымдап алмау үшін судың желдеткіш саңылауларға түсіп кетпеуін қадағалаңыз.
- Есік және есік тығыздауыштары таза болуы керек. Тек жылы, сабынды суды пайдаланыңыз, шайып тастап, толығымен құрғатыңыз.
- Металл бөліктерді дымқыл шүберекпен жиі сүртіп тұрыңыз.

Басқару панелін тазалау

Абайсызда іске қосылып кетпеуі үшін, пештің есігін ашып қойыңыз. Дымқыл шүберекпен, содан кейін дереу құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Тазалап болғаннан кейін **ТОҚТАТУ** немесе **ТОҚТАТУ/ТАЗАЛАУ** түймесін басыңыз.

Керек-жарақтарды тазалау

Әйнек науаны және айналмалы сақинаны жұмсақ әрі көпіршікті сумен жуыңыз. Қатты кірлеп кеткен жерлеріне сұйық жуғыш құрал және губка пайдаланыңыз. Пайдаланбас бұрын, толығымен кептіріңіз.


- Әйнек науаны және айналмалы сақинаны ыдыс жуғыш машинамен жууға болады.

ОРНАТУ

Өнім туралы жалпы ақпарат

Құрылғының беті немесе бөліктері үлгі түріне байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Алдынан қарағандағы көрініс



- ① Басқару панелі
- ② Миканиттен жасалған төсеме
- ③ Ақпараттық тақтайша
- ④ Есік құлпының қауіпсіздік жүйесі
- ⑤ Терезе

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Пештің ішінде ештеңе болмаса немесе оның ішінде әйнек науасы болмаса, пешті пайдаланбаңыз. Қолданбайтын кезде ішіне бір стақан су қойып қойған дұрыс. Микротолқынды пеш абайсызда қосылып кетсе, су микротолқынды энергияны өзіне сіңіріп алады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Жарақат алмау немесе мүлкті зақымдамау үшін пеште тастан жасалған ыдысты, металдан жасалған асүй жабдықтарын немесе металдан тоқылған асүй жабдықтарын пайдаланбаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Пештің ішкі қуысынан миканиттен жасалған төсемені алмаңыз. Ол микротолқынды пештің құрамдастарын тамақ шашырандыларынан қорғайды.

Аксессуары



- ① Әйнек науа
- ② Айналмалы сақина

⚠ ЕСКЕРТУ

- Микротолқынды пешті әйнек науасыз және айналмалы сақинасыз пайдаланбаңыз.

Сипаттамалар

Қуат көзі мен тұтынылатын қуат сатып алынған модельге байланысты өзгеруі мүмкін. Толығырақ белгілерді қараңыз.

MS203**** үлгісі

- Микротолқын шығысы:** макс. 700 Вт^{*1}
- Жиілік:** 2450 МГц^{*2}
- Өлшемдері (Е x Б x Қ):** 454 x 261 x 328 мм
- Қуат көзі:** 230 В~ 50 Гц
- Қуат шығыны:** микротолқын 1050 Вт


^{*1} IEC 60705 RATING STANDARD. Сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

^{*2} Микротолқын жиілігі: 2450 МГц +/- 50 МГц (2-топ/V класы)
2-топқа жататын жабдық: 2-топта барлық ISM RF жабдығы бар, онда 9 кГц–400 ГГц

аралығындағы жиілік ауқымындағы радиожиілік энергиясы әдейі жасалады және қолданылады немесе тек қолданылады. Электрмагниттік радиация, индуктивтік және/немесе сыйымдылық байланыс, материалдарды қолдану немесе тексеру/талдау мақсатында қолданылады.

В класына жататын жабдық тұрғын үйлерде және төмен кернеулі қуат көзінің желісіне тікелей жалғанған тұрмыстық үйлерде қолданылатын жабдық.

қызмет көрсету мерзімінің қысқаруына себеп болады.



ЕСКЕРТПЕ

- Ұзақ уақыт бойы 100% және 80% қуат деңгейлерінде пайдаланғанда, шығыс қуат біртіндеп азаяды, соның арқасында құрылғының электрлік тұрғыда ысып кетуінен қорғайды.

Орнатуға қойылатын талаптар

Орнату орындары

- 1 Микротолқынды пешті биіктігі кемінде 85 см болатын тегіс жерге қойыңыз.
 - Пеш құлап кетпеуі үшін пештің алдында тағы кемінде 8 см-дей орын болуы керек.
- 2 Ауа айналымы жақсы болуы үшін пештің жоғарғы жағында кемінде 20 см, екі жағында 20 см-ден және пештің артында 20 см бос орын болуы керек.
 - Пештің айналасында еркін ауа айналымы болуы өте маңызды.
 - Ыстық ауа шығатын жері пештің астында немесе бүйір жағында орналасқан. Микротолқынды пешті жабық кеңістікке немесе шкафа қойсаңыз, өнімді суытуға арналған ауа ағыны нашарлауы мүмкін. Ол пеш жұмысының нашарлауына және

- 3 Айналмалы сақинаны пештің ішіне қойып, оның үстіне әйнек науаны қойыңыз.

- 4 Штепсель ашасын розеткаға жалғаңыз.

- Пеш зақымдалмауы үшін ауа шығатын саңылауларды бекітпеңіз.
- Микротолқынды пеш қосылып тұрған розеткада басқа құрылғылар қосылып тұрмауы керек.
- Егер пеш дұрыс жұмыс істемесе, оны розеткадан ажыратыңыз және қайта қосыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Пешті газ немесе электр желілерінің үстіне қоймаңыз.


Радиожиілік кедергісі

- Микротолқынды пешті пайдаланғанда, радио, теледидар, сымсыз LAN желісі, Bluetooth, медициналық жабдық, сымсыз жабдық сияқты өнімді пайдалансаңыз,
- Микротолқынды пештің жиілігімен бірдей жиілік пайдалансаңыз, сол өнімдерден кедергі болуы мүмкін. Бұл кедергі микротолқындағы немесе өнімдегі ақау деген сөз емес. Сондықтан оны пайдалана беруге болады. Алайда медициналық құрылғы да кедергі қабылдауы мүмкін, сондықтан өнімнің жанында медициналық жабдықты пайдаланғанда абай болыңыз.

Пайдалану

Басқару панелі

Басқару панелінің функциялары



1 Дисплей

Күннің уақытын, ас әзірлеу уақытының параметрлері және таңдалған ас әзірлеу функциялары көрсетіледі.

2 Қуат

Ас әзірлеу қуатының деңгейін орнатыңыз.

3 Автоматты әзірлеу режимі

Түймелерді басып, көп қолданылатын тамақтарға арналған ас әзірлеу және мұзды еріту параметрлерін таңдаңыз.

	Автоматты еріту
	Автоматты қайта жылыту
	Автоматты әзірлеу

4 Көп/Аз

Ас әзірлеу уақытын, қуат деңгейін, мөлшерін немесе салмағын орнатыңыз.

5 ТОҚТАТУ/ТАЗАЛАУ

Пешті тоқтату немесе енгізілген параметрлерді өшіру.

- Осы түймені басып, 3 секунд ұстап тұрсаңыз, басқару панелі құлыпталады.

6 СТАРТ

Пешті іске қосу, параметрлерді енгізу немесе 30 секундта 100% қуатпен ас әзірлеу үшін осы түймені басыңыз.

- Ас әзірлеу уақытын тағы 30 секунд ұзарту үшін осы түймені басыңыз (99 минут және 59 секундқа дейін).

Дисплей белгішесі

Функция таңдалғанда немесе **Көп/Аз** түймесі арқылы салмақ/қуат деңгейі/температура таңдалғанда осы белгіше пайда болады.

Белгі ше	Мағынасы
	Микротолқын
	Автоматты әзірлеу
	Автоматты еріту
	Ас әзірлеуді бастау
	Көбірек немесе Азырақ параметрін қолдану
	Қуат деңгейлерін таңдау
	Салмақты таңдау

ЕСКЕРТПЕ

- Пернені басқан сайын дауыстық сигнал шығады. Таймер немесе ас әзірлеу циклі аяқталғанда, әуен шығады.
- Шамадан тыс микротолқын энергиясының кері әсеріне ұшырамау үшін бұл пеште қауіпсіздік құлыптары орнатылған. Есік

ашылғанда, пеш автоматты түрде ас әзірлеу процесін тоқтатады.

Пайдалану алдында

Микротолқынды қуат деңгейлері

Бұл микротолқынды пеште 5 қуат деңгейі бар, солардың арқасында ас әзірлеу процесін барынша ыңғайлы басқара аласыз. Түрлі тамаққа арналған қуат деңгейлерін кестеден таба аласыз.

- Ұзақ уақыт бойы 100% және 80% қуат деңгейлерінде пайдаланғанда, шығыс қуат біртіндеп азаяды, соның арқасында құрылғының электрлік тұрғыда ысып кетуінен қорғайды.

Қуат деңгейі	Пайдалану
Жоғары 700 Вт (100 %)	• Су қайнату. • Ростбифті қуыру. • Тауық еттерін, балық, көкөніс және еттің жұқа тілімдерін дайындау.
560 Вт (80 %)	• Барлығы қайта жылыту. • Ет пен құс етін қуыру. • Саңырауқұлақтар мен моллюскаларды әзірлеу. • Құрамында ірімшік пен жұмыртқа бар тағамдарды дайындау.
420 Вт (60 %)	• Торттар мен тоқаштарды пісіру. • Жұмыртқаларды дайындау. • Крем әзірлеу. • Күріш, сорпа дайындау.
280 Вт (40 %)	• Барлығын еріту. • Сары май мен шоколадты еріту. • Қатты ет тілімдерін дайындау.

Қуат деңгейі	Пайдалану
140 Вт (20 %)	• Майды және кремі бар ірімшікті жұмсарту. • Балмұздақты жұмсарту. • Қамыр ашыту.

Сағатты орнату

Пешті қуат көзіне алғаш қосқанда немесе қуат сөніп қалғаннан кейін қайта қосылғанда, сағат әдепкі 12 сағаттық режимге келеді және дисплейде 12Н жазуы пайда болады. Уақытты орнатуыңызға немесе 24 сағаттық режимге ауысуыңызға болады.

- 1 12 сағаттық дисплейді растау үшін **СТАРТ** түймесін басыңыз.
 - 24 сағаттық режимге ауысу үшін **Көп/Аз** түймесін басыңыз.
- 2 **Көп/Аз** түймесін басу арқылы қажетті сағатты таңдап, **СТАРТ** түймесін басыңыз.
- 3 **Көп/Аз** түймесін басу арқылы қажетті минутты таңдап, **СТАРТ** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Сағат режимін бастапқы күйге қайтару үшін қуат көзін ажыратып, қайта қосуыңыз керек.
- Дисплейде уақыт көрсетілгенін қаламасаңыз, пешті қосқан соң, **ТОҚТАТУ/ТАЗАЛАУ** түймесін басыңыз.
- Дисплейде уақыт үнемі көрсетіліп тұратын параметр орнатылмаса, пеш қолданылмай тұрғанда, дисплей қуатты үнемдеу үшін өшіп қалады.

Балалардан қорғау құлпы

Басқару панелін құлыптау үшін және пешті тазалап жатқанда абайсызда қосып алмау үшін

немесе балалардың пешті өз беттерінше пайдалануына жол бермеу үшін осы қауіпсіздік функциясын пайдаланыңыз.

Балалардан қорғау құлпын ҚОСУЛЫ күйге орнату

1 ТОҚТАТУ/ТАЗАЛАУ түймесін басыңыз.

2 Дисплейде **Loc** сөзі пайда болғанға дейін (шамамен 3 секунд) **ТОҚТАТУ/ТАЗАЛАУ** түймесін басып тұрыңыз.

Балалардан қорғау құлпы функциясын өшіру

Дисплейде **Loc** сөзі өшкенге дейін (шамамен 3 секунд) **ТОҚТАТУ/ТАЗАЛАУ** түймесін басып тұрыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Орнатылған болса, 1 секундтан кейін дисплейде уақыт пайда болады.
- Пеш құлыптаулы тұрғанда қандай да бір перне басылса, дисплейде **Loc** сөзі пайда болады.
- Пешті қалыпты режимде пайдалана беру үшін пештің құлпын ашыңыз.

Іске қосу туралы қысқаша ақпарат

Жылдам іске қосу функциясы

Бұл функцияның көмегімен **СТАРТ** түймесін басқан сайын Жоғары қуатта ас әзірлеудің 30 секундтық интервалын орнатуға болады.

Жоғары деңгейлі қуатта 2 минут ас әзірлеу

1 ТОҚТАТУ/ТАЗАЛАУ түймесін басыңыз.

2 СТАРТ түймесін төрт рет басып көріңіз.

- Пеш ас әзірлеуді бастайды және дисплейде кері санақ басталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Пеш ас әзірлеу процесін дереу бастап, жоғары қуат деңгейінде 30 секунд жұмыс істейді.
- **СТАРТ** түймесін басқан сайын ас әзірлеу уақыты 30 секундқа артады.
- Ас әзірлеу уақытын 99 минут 59 секундқа дейін ұзартуға болады.

Қолмен реттелетін ас әзірлеу процесі

Автоматты ас әзірлеу функциясын қолданбасаңыз, ас әзірлеу уақыты мен қуат деңгейі қолмен орнатылады.

1 ТОҚТАТУ/ТАЗАЛАУ түймесін басыңыз.

2 Дисплейде қажетті қуат деңгейі пайда болғанға дейін **Қуат** түймесін басыңыз.

3 Көп/Аз түймесін басу арқылы қажетті уақытты таңдап, **СТАРТ** түймесін басыңыз.

- Ас әзірлеу процесі аяқталғанда, дыбыстық сигнал шығады және дисплей терезесінде **End** сөзі пайда болады. Есік ашылғанға дейін немесе кез келген түйме басылғанға дейін, дисплейде **End** сөзі тұра береді және дыбыстық сигнал бір минут сайын қайталанып тұрады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қуат деңгейі таңдалмаса, пеш әдепкі параметр бойынша Жоғары қуат деңгейінде тұрады.

Ас әзірлеу режимі

Бұл функцияда белгілі бір тамақты автоматты түрде әзірлеу үшін алдын ала бағдарламаланған параметрлер бар.

Автоматты қайта жылыту режимі

Бұл функцияның көмегімен бұған дейін дайындалған тамақтарды немесе тамақ қалдықтарын жылытады.

1 ТОҚТАТУ/ТАЗАЛАУ түймесін басыңыз.

2 Дисплейде қажетті мәзір коды пайда болғанға дейін **Автоматты қайта жылыту** түймесін басыңыз.

3 Көп/Аз түймесін басу арқылы қажетті салмақты таңдап, **СТАРТ** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Микротолқынды пеште қайта өңделген қағаз өнімдерін пайдаланбаңыз. Олардың құрамында ұшқын пайда болатын қоспалар болуы мүмкін.

Автоматты қайта жылыту мәзірі

Қажетті код пен салмақты орнату үшін төмендегі кестені қараңыз.

1 Салқындатылған тағам (0,3–0,6 кг)

- Бастапқы температура: қатырылған
- Бетін іспарамен тесіңіз.
- Тағамды шыны науаға салыңыз.
 - Араластырылатын, мысалы: Болоньезе спагеттиі, бұқтырылған сиыр еті
 - Араластырылмайтын, мысалы: лазанья, пеште піскен ет пен картоп бәліші
- Тұру уақыты: 2–3 минут.

ЕСКЕРТПЕ

- Қапшықтардағы тағамдар үшін ет, күріш/макарон және т. б. порцияларын тесіңіз.
- Араластыруға болатын тағамдар бойынша, дыбыстық сигнал берілгенде араластырыңыз.

- Араластырылмайтын тағамдарды дыбыстық сигнал берілгенде араластырудың қажеті жоқ.

2 Мұздатылған тағам (0,3–0,6 кг)

- Бастапқы температура: мұздатылған
- Бетін іспарамен тесіңіз.
- Тағамды шыны науаға салыңыз.
 - Араластырылатын, мысалы: Болоньезе спагеттиі, бұқтырылған сиыр еті
 - Араластырылмайтын, мысалы: лазанья, пеште піскен ет пен картоп бәліші
- Тұру уақыты: 2–3 минут.

ЕСКЕРТПЕ

- Қапшықтардағы тағамдар үшін ет, күріш/макарон және т. б. порцияларын тесіңіз.
- Араластыруға болатын тағамдар бойынша, дыбыстық сигнал берілгенде араластырыңыз.
- Араластырылмайтын тағамдарды дыбыстық сигнал берілгенде араластырудың қажеті жоқ.

3 Салқындатылған пицца (0,2–0,4 кг)

- Бастапқы температура: қатырылған
- Тағамды шыны науаға салыңыз.
- Тұру уақыты: 2–3 минут.

Автоматты әзірлеу режимі

Автоматты әзірлеу режимі тағамның түрін таңдап, оның салмағын енгізу арқылы сүйікті тағамдарыңыздың көпшілігін оңай дайындауға мүмкіндік береді.

1 ТОҚТАТУ/ТАЗАЛАУ түймесін басыңыз.

2 Дисплейде қажетті мәзір коды пайда болғанға дейін **Автоматты әзірлеу** түймесін басыңыз.

3 Көп/Аз түймесін басу арқылы қажетті салмақты таңдап, **СТАРТ** түймесін басыңыз.

Автоматты әзірлеу мәзірі

Қажетті код пен салмақты орнату үшін төмендегі кестені қараңыз.

1 Борщ (1,7 кг) Ингредиенттер

- 300 г сиыр еті, кесектерге кесілген
- 0,5 қызылша, туралған
- 0,5 сәбіз, туралған
- 0,5 пияз, туралған
- 1 картоп, туралған
- 1 қызанақ, туралған
- 100 г қырыққабат, туралған
- 1 түйір сарымсақ, ұсақталған
- 1 ас қасық томат пастасы
- 3 ас қасық балғын шөптер, туралған
- 2 кесе су немесе ет сорпасы
- 1 шай қасық сірке суы
- Тұз бен бұрыш дәміне қарай

Нұсқаулар

- Бастапқы температура: бөлме температурасы
- Ыдыс-аяқ: микротолқынға қауіпсіз табақ
- Барлық ингредиенттерді терең әрі үлкен ыдысқа салып, жақсылап араластырыңыз. Пластик қаптамамен жауып, желдетіңіз.
- Пісіру кезінде кем дегенде екі рет араластырыңыз.

2 Ет қосылған солянка (1,7 кг) Ингредиенттер

- 100 г шұжық, туралған
- 1 пияз, туралған
- 1 қызанақ, туралған
- 3 маринадталған қияр, туралған
- 10 сүйексіз қара зәйтүн, туралған
- 2 ас қасық томат пастасы
- 3 кесе су немесе ет сорпасы
- Тұз бен бұрыш дәміне қарай

Нұсқаулар

- Бастапқы температура: бөлме температурасы
- Ыдыс-аяқ: микротолқынға қауіпсіз табақ
- Барлық ингредиенттерді терең әрі үлкен ыдысқа салып, жақсылап араластырыңыз. Пластик қаптамамен жауып, желдетіңіз.
- Пісіру кезінде кем дегенде екі рет араластырыңыз.

3 Мундирдағы картофель (0,2-0,8 кг) Нұсқаулар

- Бастапқы температура: бөлме температурасы
- Ыдыс: шыны науа
- 180–220 г орташа көлемді картопты таңдаңыз. Оларды жуып, кептіріңіз. Шанышқымен бірнеше жерінен тесіңіз.
- Пісіргеннен кейін, алюминий фольгамен 5 минутқа жауып қойыңыз.

4 Кәстрөлдердегі ет (1 кг) Ингредиенттер

- 400 г туралған тауық еті
- 1 ас қасық майонез
- 2 картоп, туралған
- 1 пияз, туралған
- 1 қызанақ, туралған
- 100 г үгітілген ірімшік
- Тұз бен бұрыш дәміне қарай

Нұсқаулар

- Бастапқы температура: бөлме температурасы
- Ыдыс-аяқ: микротолқынға қауіпсіз табақ
- Тауық еті, майонез, тұз және бұрышты араластырыңыз.
- Қалған ингредиенттерді терең әрі үлкен ыдысқа салып, жақсылап араластырыңыз. Пластик қаптамамен жауып, желдетіңіз.
- Пісіру кезінде кем дегенде екі рет араластырыңыз.

5 Тұшпара (0,3 кг) Ингредиенттер

- 15–20 дана мұздатылған тұшпара
- 2,5 кесе су
- 1 лавр жапырағы
- Тұз бен бұрыш дәміне қарай

Нұсқаулар

- Бастапқы температура: мұздатылған
- Ыдыс-аяқ: микротолқынға қауіпсіз табақ
- Барлық ингредиенттерді терең әрі үлкен ыдысқа салып, жақсылап араластырыңыз. Пластик қаптамамен жауып, желдетіңіз.

**6 Бұға пісірілген ақсерке стейкі (0,4 кг)
Ингредиенттер**

- 400 г ақсерке стейкі
- 1 ас қасық лимон шырыны
- 1 ас қасық су
- Тұз бен бұрыш дәміне қарай
- Балыққа арналған кез келген дәмдеуіштер

Нұсқаулар

- Бастапқы температура: бөлме температурасы
- Ыдыс-аяқ: микротолқынға қауіпсіз ыдыс
- Тұз, бұрыш, дәмдеуіштер және лимон шырыны қосылған ақсерке стейкін ыдысқа салыңыз.
- Ыдысқа су құйыңыз.

**7 Көкөніс қосылған бахта (0,3 кг)
Ингредиенттер**

- 250 г форель стейкі
- 50 г мұздатылған аралас көкөністер
- 10 г май
- 1 ас қасық лимон шырыны
- Тұз бен бұрыш дәміне қарай

Нұсқаулар

- Бастапқы температура: бөлме температурасы
- Ыдыс-аяқ: микротолқынға қауіпсіз ыдыс
- Пергамент қағазын майлаңыз.
- Форельді тұз, бұрыш және лимон шырынымен дәмдеңіз.
- Форель мен көкөністерді пергамент қағазымен жабыңыз.

**8 Қарақұмық ботқасы (0,3 кг)
Нұсқаулар**

- Бастапқы температура: бөлме температурасы
- Ыдыс-аяқ: микротолқынға қауіпсіз табақ

- 300 г қарақұмық жармасын жуып, кептіріңіз. Терең әрі үлкен ыдысқа 600 мл су құйып, тұз салыңыз да, 15 минут қайнатыңыз, содан кейін пластик қаптамамен жауып, желдетіңіз.
- Пісіргеннен кейін, 15 минутқа жауып қойыңыз.

Автоматты еріту режимі

Пештің алдын ала орнатылған 4 еріту циклі бар. Еріту функциясы мұздатылған азық-түлікті ерітеді. Еріту кестесінде түрлі азық-түлік үшін ұсынылған еріту циклдері бар. Еріту функциясы үнемі дыбыстық сигналдар шығарып, азық-түлікті тексеруді, аударуды, бөлуді немесе қайта орналастыруды есіңізге салып отырады.

1 ТОҚТАТУ/ТАЗАЛАУ түймесін басыңыз.**2** Дисплейде қажетті мәзір коды пайда болғанға дейін **Автоматты еріту** түймесін басыңыз.**3 Көп/Аз** түймесін басу арқылы қажетті салмақты таңдап, **СТАРТ** түймесін басыңыз.

- Дисплейде кері санақ пайда болады.

4 Дыбыстық сигнал шыққанда есікті ашып, еріген бөліктерін шығарып тастаңыз және азық-түлікті аударып қойыңыз.**5** Еріту циклін жалғастыру үшін **СТАРТ** түймесін басыңыз.**ЕСКЕРТПЕ**

- Балықты, ұлуды, етті және тауық етін бастапқы орама қағаздан немесе пластик қаптамадан шығарыңыз. Әйтпесе, орама азық-түліктің буын және шырынын шығармай, тамақтың сыртқы беті пісіп кетеді.
- Тамшыларды жинау үшін азық-түлікті шұңғыл контейнерге немесе микротолқынды сөреге қойыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Азық-түлікті пештен шығарғанда, оның ортасы әлі де аздап мұз болып тұруы керек.
- Еріту уақыты азық-түліктің қаншалықты қатып қалғанына байланысты болады.
- Қаптаманың пішіні азық-түліктің қаншалықты жылдам еритініне әсер етеді. Қаптамалар жұқа болған сайын, тез ериді.
- Азық-түліктің пішініне байланысты оны еріту уақыты да өзгеріп отырады.

Автоматты еріту мәзірі

Қажетті код пен салмақты орнату үшін төмендегі кестені қараңыз.

dEF1 ET (0,1–4,0 кг)

- Ростбиф: сиыр етінен жасалған ростбиф, дөңгелек стейк, бұқтырылған ет текшелері, кесілген ет стейкі, құмырадағы қуырдақ, қабырғадан жасалған қуырдақ, тауық етінен жасалған қуырдақ, чактан жасалған қуырдақ, гамбургер наны
- Қой еті: котлеттер, орама қуырдақ
- Шошқа еті: жаншылған ет, хот-догтар, қабырғалары, ауылдағыдай жасалған қабырғалар, қуырылған орама, шұжық
- Тана еті: котлеттер (0,5 кг, 20 мм қалыңдық)
- Тұру уақыты: 5 - 15 минут.

dEF2 ҚҰС (0,1–4,0 кг)

- Құс еті: бүтін, кесілген, кеуде (сүйексіз)
- Балапан: бүтін
- Үндік: кеуде
- Тұру уақыты: 30 - 60 минут.

dEF3 БАЛЫҚ (0,1–4,0 кг)

- Балық: филе, бүтін стейктер
- Моллюскалар: шаян еті, лобстер құйрығы, криветкалар, теңіз ирекшелері
- Тұру уақыты: 5 - 10 минут.

dEF4 НАН (0,1–0,5 кг)

- Нан тілімдері, тоқаштар, багеттер және т.б.

- Тілімдерді бөліп қойыңыз және қағаз сүлгілердің арасына немесе тәрелкенің үстіне қойыңыз.
- Тұру уақыты: 1 - 2 минут.

Ыдыс-аяққа қатысты нұсқаулық

Микротолқынға қауіпсіз ыдыс-аяқ

- **Пешке төзімді әйнек:** ыстыққа төзімді әйнек ыдыстарды микротолқынды пеште қолдануға болады. Оған пешке төзімді әйнек ыдыс-аяқтың барлық брендтері кіреді. Алайда, стақан немесе шарап бокалы сияқты әйнектен жасалған нәзік ыдыстарды пайдаланбаңыз, себебі ішіндегі азық-түлік ысығанда, сынып кетуі мүмкін.
- **Қыштан Тастан Керамикадан жасалған ыдыстар:** металдан жасалған көмкермесі жоқ табақтар, тәрелкелер, қыштан, тастан, керамикадан жасалған ыдыстар және жалпақ тәрелкелер қолданыңыз. Осы материалдардан жасалған көптеген контейнерлер микротолқынға төзімді келеді, бірақ оларды қолданбас бұрын тексеріп алыңыз.
- **Пластик**
 - **Азық-түлік сақтауға арналған пластик контейнерлер:** бұл контейнерлерді жылдам жылытылатын тамақтарға қолдануға болады. Алайда, оларды пештің ішінде ұзақ уақыт тұрмауы керек, себебі ыстық тамақтың әсерінен пластик контейнерлер деформациялануы немесе еріп кетуі мүмкін.
 - **Ас әзірлеуге арналған пластик қаптар:** ас әзірлеуге арналған мұндай қаптарды микротолқынды пеште қолдана беруге болады. Ыстық бу шығып кететіндей қаптарды тесіп қоюды ұмытпаңыз. Микротолқынды пеште кәдімгі пластик қаптарды пайдалануға болмайды, олар жыртылуы немесе еріп кетуі мүмкін.
 - **Микротолқынды пешке арналған пластик ыдыс-аяқтар:** микротолқынды пешке арналған алуан түрлі және өлшемді

ыдыс-аяқтар бар. Асүйге арналған жаңа жабдық сатып алғанша, өзіңіз қолданып жүрген жабдықтарды пайдалана беруіңізге болады.

- **Қағаз:** қағаз сүлгілерді, балауызды қағаздарды, қағаз майлықтарды және металдан жасалған көмкермесі жоқ қағаз тәрелкелерді пайдаланыңыз. Қағаздан жасалған тәрелкелерді микротолқынды пеште қолданған ыңғайлы әрі қауіпсіз, бірақ ас әзірлеу уақыты қысқа болуы керек және майлылығы мен ылғалдығы төмен тамақ әзірленуі тиіс. Қағаз сүлгілермен де тамақты орап қоюға болады және бекон сияқты майлы тамақтарды әзірлеп жатқанда, науаның түбіне жайып қоюға болады. Жалпы түрлі түсті қағаз өнімдерін пайдаланбағаныңыз жөн, оның түсі шығып кетеді. Кейбір қайта өңделген қағаз өнімдердің құрамында қоспалар болады, оларды микротолқынды пеште қолданғанда, өрт шығуы мүмкін.
- **Ыдыс-аяқ:** қыштан, тастан және керамикадан жасалған көптеген контейнерді микротолқынды пеште қолдана беруге болады. Егер қандай да бір күмәніңіз болса, өндірушінің нұсқаулығын оқыңыз немесе микротолқынды пешке салып көріңіз. Боялған тәрелкелерді микротолқынды пешке салмаңыз, себебі баяудың құрамында металл болса, ұшқын түзілуі мүмкін.

Микротолқынға қауіпті ыдыс-аяқ

- **Металл контейнерлер және металдан жасалған декорация**
 - Микротолқынды пеште металдан жасалған немесе металл көмкермесі бар ыдыс-аяқты пайдаланбаңыз.
 - Микротолқын металға сіңбейді. Микротолқындар пештегі металл заттардан шағылысып, найзағайға ұқсас ұшқын шығарады.
 - Металл азық-түлікті микротолқынды энергиядан қорғайды және тамақ бірқалыпты ысымайды. Сонымен қатар металл шампураларды, термометрлерді, фольга подностарды, металл көмкермесі бар немесе металл таспасы бар ыдыс-

аяқты, көмештеу формаларын пайдалануға болмайды. Металл көмкерме қалыпты ас әзірлеуге кедергі жасайды және пешті зақымдауы мүмкін.

Пайдаланбас бұрын ыдыс-аяқты тексеру

Ыстыққа төзімді және металдан жасалмаған ыдыс-аяқтың көбін микротолқынды пеште қолдана беруге болады. Алайда кейбір ыдыс-аяқтың құрамында микротолқынды пеште қолдануға болмайтын материалдар болуы мүмкін. Ыдыс-аяқты микротолқынды пеште қолдануға болатынын немесе болмайтынын анықтау үшін, мына қадамдарды орындаңыз.

- 1 Тексерілетін контейнер мен су толтырылған әйнек шынаяқты пештің ішіне қатар қойыңыз.
- 2 Контейнер мен әйнек шынаяқты 1 минут ЖОҒАРЫ қуатпен ысытыңыз.
 - Су ысып кеткенмен, контейнер суық болып тұрса, контейнерді микротолқынды пеште қолдана беруге болады.
 - Егер судың температурасы өзгермей, контейнер жылып кететін болса, оны микротолқынды пеште қолдануға болмайды.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Құрамында қорғасыны немесе темірі бар кейбір заттарды микротолқынды пешке салуға болмайды.
- Ыдыс-аяқты пайдаланбас бұрын, оларды микротолқынды пеште қолдануға болатынын тексеру керек.
- Ыдыс-аяқты пештен шығарғанда абай болыңыз. Кейбір ыдыстар тамақтың ыстығын өзіне сіңіріп, қызып кетуі мүмкін.

Ас әзірлеу нұсқаулығы

Ас әзірлеуге арналған кеңестер

Ас әзірленіп жатқанда, микротолқынды пештегі тамақты бақылап тұрыңыз. Рецепт бойынша көтеру, араластыру сияқты нұсқауларды орындаған жөн. Егер тамақ бірқалыпты жылымаған сияқты көрінсе, қажетті әрекеттерді орындап, мәселені түзетіңіз.

- **Бетін жабу:** микротолқынды пеште қолданғанда, тәрелкенің бетін қақпақпен, ас пергаментімен (балауызы жоқ қағаз) немесе ас пленкасымен жауып қойыңыз. Бетін жауып қойсаңыз, ыстық пен бу ешқайда шықпай, тамақ тез әзірленеді.
- **Араластыру:** тамақты ыдыстың шеткі жақтарынан ортасына ауыстырыңыз, себебі ыдыстың шет жақтары ортасына қарағанда тез қызады.
- **Тұру уақыты:** тұру уақыты ас әзірлеу процесін аяқтауға және дәмдерді араластыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Тамақты пештен алып тастаған соң, 3–10 минут қойып қоюға болады.
- **Ас әзірлеу уақыты:** ас әзірлеу уақыты тамақтың ингредиенттеріне байланысты орнатылады. Мұз болып қатып қалған тамақты басқаларға қарағанда ұзағырақ дайындау керек болады.
- **Су бүрку:** қуырылған ет және көкөніс сияқты аздап сулы тамақтарды пешке салмас бұрын, бетіне аздап су бүрку керек немесе өз ылғалын сақтап тұру үшін бетін жауып қойған дұрыс.
- **Орналастыру:** қалың тамақтың беткі жағы астыңғы жағына қарағанда жылдам ысиды. Ас әзірлеу барысында тамақты бірнеше рет төңкеру керек болады.
- **Тесу:** жарылып кетпеуі үшін ас әзірлемес бұрын, қабығы, терісі немесе мембранасы бар тамақтарды тесіп қойыңыз.
 - Ондай тамақтарға жұмыртқаның сарысы мен ағы, моллюскалар, устрицалар, картоптар және басқа бүтін көкөністер мен жемістер жатады.
- **Тамақтың пішіні:** микротолқындар тамаққа шамамен 2 см енеді. Микротолқынды энергия

арқылы тек тамақтың сыртқы жиегі ғана дайындалады, ал қалған бөлігі ыстық енгенде ғана дайын болады.

- Бірқалыпты дайындалуы үшін ет, тауық немесе балық сияқты тамақтың ең қалың бөліктерін ыдыстың шеткі жақтарына қойыңыз.
- Мүмкін болса, тамақты жұқалап тураңыз.
- **Тығыздық:** тоқаш және нан сияқты жеңіл әрі кеуек бітімді тамақтар қуырдақ және запеканка сияқты ауыр әрі тығыз тамақтарға қарғанда тез дайындалады.
- **Сүйектер және май:** сүйектер мен май етке қарағанда тез қызады. Еттің сүйекті немесе майлы жерлерін ұстағанда абай болыңыз.
- **Мөлшер:** пешке тамақты қаншалықты көп салсаңыз, оны дайындау уақыты соншалықты ұзарады.
- **Қалқалау:** шамадан тыс қатты ысып кептеуі үшін төрт бұрышты ыдыстардың бұрыштарын алюминий фольгамен жауып қойыңыз. Фольганы шамадан тыс көп қолданбаңыз және фольганың тамаққа тиіп тұрғанына көз жеткізіңіз. Ас әзірлеу кезінде фольга пештің қабырғаларына қатты жақындап кетсе, ұшқын шығуы мүмкін.

SMART ФУНКЦИЯЛАРЫ

LG ThinQ қолданбасы

Бұл мүмкіндік тек  немесе  белгішесі бар үлгілерде қолжетімді.

LG ThinQ қолданбасы смартфон арқылы құрылғыны басқаруға мүмкіндік береді.

LG ThinQ қолданбасының функциялары

Ыңғайлы smart функцияларды пайдаланып, смартфонңыз арқылы құрылғыңызды басқарыңыз.

Smart Diagnosis™

Құрылғыны пайдалану кезінде мәселе болса, бұл Smart Diagnosis мүмкіндігі сізге мәселені диагностикалауға көмектеседі.

ЕСКЕРТПЕ

- Құрылғыны жетілдіру мақсатында қолданба пайдаланушыларға ескертілместен өзгертілуі мүмкін.
- Ерекшеліктері үлгісіне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

LG ThinQ қолданбасын орнату

Google Play & Apple App дүкенінен немесе смартфоннан **LG ThinQ** қолданбасын іздеңіз.

- Жүктеу үшін нұсқауларды орындап, қолданбаны орнатыңыз.
- Құралды тіркеу үшін, **LG ThinQ** бағдарламасын іске қосып, ішіндегі нұсқауларды орындаңыз.

Smart Diagnosis™

Бұл мүмкіндік тек  немесе  белгішесі бар үлгілерде қолжетімді.

Өнімде ақаулық пайда болғанда немесе ол істемей қалғанда, тұтынушыларды қолдау


орталығының дәл диагностика жасауын қаласаңыз, осы функцияны пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- LGE салақтығына жатпайтын себептер үшін қызмет келесідей сыртқы факторларға (бірақ олармен шектелмейді) байланысты жұмыс істемеуі мүмкін: Wi-Fi қолжетімсіздігі, Wi-Fi желісінен ажыратылу, жергілікті қолданбалар дүкенінің саясаты немесе қолданбаның қолжетімсіздігі.
- Бұл мүмкіндік алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін және қайда орналасқаныңызға байланысты басқа түрде болуы мүмкін.

Мәселелерді диагностикалау үшін естілетін диагностикалауды пайдалану

- 1) Телефон тінтуірін **Smart Diagnosis** белгішесінің үстінде ұстаңыз. Басқа ешбір түймелерге тимеңіз.



- 2) **ТОҚТАТУ/ТАЗАЛАУ** түймесін 8 секунд бойы, дисплейде **5** көрінгенше басып тұрыңыз.
- 3) Үш дыбыстық сигналды естігеннен кейін **ТОҚТАТУ/ТАЗАЛАУ** түймесін жіберіңіз.
- 4) Үнді тасымалдау аяқталғанша телефонды орнында ұстаңыз. Дисплей уақытты кері санайды. Кері санақ аяқталып, үндер тоқтағаннан кейін, диагноз қолданбада көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Ең жақсы нәтижелерді алу үшін үндер тасымалданып жатқанда телефонды жылжытпаңыз.

АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Сұрақ-жауап

Сұрақ-жауап

С: Пештің шамы жанбай қалса, қай жері дұрыс емес деген сөз?

Ж: Пештің шамы жанбай қалуының бірнеше себебі болуы мүмкін. Шамның лампасы жанып кеткен немесе электрлік тізбекте ақау бар.

С: Микротолқынды энергия есіктегі көру әйнегінен өтіп кете ала ма?

Ж: Жоқ, ондағы тесіктер мен саңылаулар жарық өту үшін жасалған, бірақ одан микротолқынды энергия сыртқа шықпайды.

С: Басқару панеліндегі түймені түрткенде, дыбыстық сигнал не үшін шығады?

Ж: Дыбыстық сигнал параметрдің дұрыс енгізілгенін білдіреді.

С: Пештің ішіне ештеңе салмай, бос жұмыс істетсе, микротолқын функциясына зақым келе ме?

Ж: Иә, оны бос жұмыс істетуге болмайды.

С: Не үшін кейде жұмыртқалар жарылып кетеді?

Ж: Пісіру, қуыру немесе қайнату барысында жұмыртқаның сарысында жиналып қалған қысымға байланысты, ол жарылып кетуі мүмкін. Оның алдын алу үшін жұмыртқаның сарысын тесіп қойыңыз. Жұмыртқаны қабығымен жылытуға болмайды.

С: Микротолқынмен ас әзірлеген соң не үшін біраз уақыт тұруы керек?

Ж: Микротолқынмен ас әзірлеп болған соң, азық-түлік әлі де пісіп жатады. Тұру уақыты аяқталғанда, азық-түлік бірқалыпты дайындалады. Тұру уақытының ұзақтығы азық-түліктің тығыздығына байланысты болады.

С: Менің пешім ас әзірлеу нұсқаулығындағыдай тез дайындамайды. Неге?

Ж:

- Берілген нұсқауларды дұрыс орындағаныңызды тексеру үшін ас әзірлеу рецептін тағы бір қарап шығыңыз. Сонымен қатар ас әзірлеу уақытына қандай факторлар әсер ететінін көріңіз.
- Ас әзірлеу нұсқаулығындағы уақыттар мен жылу параметрлері ұсыныс ретінде көрсетілген, олар шамадан тыс ысытып жіберудің алдын алуға арналған. Себебі ол – пешті қолданудағы ең басты проблема.
- Азық-түліктің өлшемі, пішіні, салмағы және өлшемдері өзгерген сайын ас әзірлеу уақытын да ұзарту керек.
- Ас әзірлеу нұсқауларындағы ұсыныстарын қолдана отырып, кәдімгі духовканы пайдаланғандай, өз түйсігіңізге де жүгініңіз.

С: Микротолқынды ас әзірлеу процесі аяқталған соң, дисплейде «cool» сөзі немесе қалған ас әзірлеу уақыты, сонымен қатар шуыл не үшін шығады?

Ж: Ас әзірлеу процесі аяқталған соң, пешті суыту үшін желдеткіш іске қосылуы мүмкін. Сондықтан дисплейде «Cool» (Суыту) сөзі шығады. Ас әзірлеу уақыты аяқталғанға дейін есікті ашып тастасаңыз немесе **ТОҚТАТУ** не **ТОҚТАТУ/ТАЗАЛАУ** түймесін бассаңыз, дисплейде қалған ас әзірлеу уақыты көрсетіледі. Ол ақау емес.

Қызмет көрсетуге шақырмастан бұрын

Микротолқынды пешті қолдану барысында мынадай белгілер пайда болса, оны тағы бір рет тексеріңіз. Ол ақау болмауы мүмкін.

Пайдалану

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Микротолқынды пеш іске қосылмайды	Қуат сымы қосылмаған, есік ашық тұр. Не болмаса, ас әзірлеу уақыты орнатылмады. - Қуат сымын розеткаға қосыңыз. - Есікті жабыңыз. - Ас әзірлеу уақытын орнатыңыз.
	Үйіңіздегі сақтандырғыш күйіп кеткен немесе автоматты ажыратқыш іске қосылған болуы мүмкін. Немесе құрылғы GFCI (жерге қысқа тұйықталу ажыратқышы, Ground Fault Circuit Interrupter) розеткасына қосылып, розетканың автоматты ажыратқышы іске қосылған. - Негізгі электрқалқанды тексеріңіз және сақтандырғышты ауыстырыңыз немесе автоматты ажыратқышты бастапқы күйіне қайтарыңыз. - Сақтандырғыш қуатын арттырмаңыз. Ақаулық тізбектегі артық жүктемеде болса, оны білікті электршіге жөндетіңіз. - GFCI құрылғысындағы автоматты ажыратқышты бастапқы күйіне қайтарыңыз. Ақаулық түзетілмесе, электршіге хабарласыңыз.
Ұшқын шығады	Ыдыс-аяқ микротолқынды пешке арналмаған. Не болмаса, пештің ішіне ештеңе салмай пайдаландыңыз. - Микротолқынға жарамды ыдыс-аяқ қолданыңыз. Оның қандай ыдыс екенін білмесеңіз, ыдысты пайдаланбас бұрын, тексеріп көріңіз. - Пештің ішіне ештеңе салмай, қолдануға болмайды.
Уақытты дұрыс көрсетіп тұрған жоқ	Қуат сөніп қалған. Уақытты бастапқы күйге қайтарыңыз. Уақытты бастапқы күйге қайтару үшін «Сағатты орнату» бөлімін қараңыз.
Азық-түлік әркелкі дайындалады	Ыдыс-аяқ микротолқынды пешке арналмаған. Не болмаса, ас әзірлеу параметрлері дұрыс орнатылмаған. - Ыдыстың микротолқынды пешке арналғанына көз жеткізіңіз. - Әйнек науасынсыз ас әзірлемеңіз. - Ас әзірлеу кезінде тамақты аударыңыз немесе араластырыңыз. - Ас әзірлегенге дейін, азық-түлікті толықтай ерітіңіз. - Ас әзірлеу уақыты мен қуат деңгейін дұрыс пайдаланыңыз.
Тамақ артық пісіп кетеді	Ас әзірлеу параметрлері және әдістері дұрыс емес. Ас әзірлеу уақыты мен қуат деңгейін өзгертіңіз.

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Тамақ толық піспей қалады	Ыдыс-аяқ микротолқынды пешке арналмаған. Не болмаса, ас әзірлеу параметрлері дұрыс орнатылмаған. • Ыдыс-аяқтың микротолқынды пешке жарамды екенін тексеріңіз. • Ас әзірлегенге дейін, азық-түлікті толықтай ерітіңіз. • Ас әзірлеу уақыты мен қуат деңгейін өзгертіңіз. • Желдеткіш порттардың жабылып қалмағанына көз жеткізіңіз.
Дұрыс ерітпейді	Ыдыс-аяқ микротолқынды пешке арналмаған. Не болмаса, ас әзірлеу параметрлері дұрыс орнатылмаған. • Ыдыс-аяқтың микротолқынды пешке жарамды екенін тексеріңіз. • Еріту уақытын немесе салмағын өзгертіңіз. • Еріту циклі барысында тамақты аударып немесе араластырып тұрыңыз.

ҚОСЫМША

Ескертпе ақпарат

Қолдау көрсету қызметі

Жүкті тасыма лдау

Бұйымды көліктің қағидаларына сәйкес кез келген түрімен тасымалдауға болады.

- Тасымалдау зақымды келдірмейтіндей жүзеге асырылуы тиіс.
- Тиеу-түсіру жұмыстары кезінде бұйымға зақым келтіруге тыйым салынады.

Жүкті сақтау

Құрылғыны үй-жайлардан тыс немесе ауа райының қолайсыздығына орай, тікелей әсерге ұшырайтын (тікелей күн сәулесі, жел, жауын-шашын немесе ауа температурасы нөл градустан төмен) жерге сақтамаңыз.

Тауарды өткізу

Өнімдерді сату және өткізу еліміздің заңнамасында белгіленген ережелерге сай жүзеге асырылады.

Тастау

Электронды бұйымдар қауіпті заттарды қамтамасыз ету мүмкіндігі болғаннан ескі жабдықтардың кәдеге жаратқаны, қоршаған ортаға және адамның денсаулығына жағымсыз салдардың ықпал етуін алдын ала алады. Ескі жабдықтар шектелген ресурстарды сақтай алатын, басқа бұйымдар және бағалы материалдарды жөндеу және өндіріске пайдалы бөлшектерді қамтамасыз етеді.

Ескі жабдықтардың кәдеге жарату туралы сәйкес қалалық қызметіне, кәдеге жарату орталықтар немесе өнімді сатып алған жерге өтініш етіңіз.

Еске салу

Еске салу

Класс энергоэффективности	D
Напряжение Напряуга	230 В~ 50 Гц
Страна происхождения Өндіруші ел	Китай Қытай
Дата производства Өндірілген куні	Смотрите на этикетке Рейтинг затбелгісін қараңыз
«ЛГ Электроникс Тяньцзинь Эпплаенсис Ко., Лтд.» Джин Вей Рoad, 9, Бей Чен Дистрикт, Тяньцзинь, 300402, Китай, Тел:86-22-2699-1061	
Импортер: ООО«ЛГ Электроникс РУС» 143160, Российская Федерация, Московская область, Рузский муниципальный округ, территория Минское шоссе, километр 86-й, дом 9 Тел:+7-495-785-13-13	



EAC

	Символ «не для пищевой продукции» применяется в соответствии с техническим регламентом Таможенного союза «О безопасности упаковки» 005/2011 и указывает на то, что упаковка данного продукта не предназначена для повторного использования и подлежит утилизации. Упаковку данного продукта запрещается использовать для хранения пищевой продукции.
	Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.
	Символ «петля Мебиуса» указывает на возможность утилизации упаковки. Символ может быть дополнен обозначением материала упаковки в виде цифрового и/или буквенного обозначения.
	Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.